

Әдеби көркем сын төңірегінде

Өткендегі, жұртшылық назарына түскен, кең көлемді, жан-жақты сұхбатымызда: қазақ әдебиет сыны бүгінгі күннен елу жыл кейін қалып қойды, деппіз. Әңгіме орайымен айтыла қалған бір сөз. Шұғыл, үстірт лепес дер едім. Шын мәнісінде өз заманынан елу жыл емес, тура жүз жыл – бір ғасыр кешеуілдеп тұрғаны анық.

Міне қараңыз. Қазақтың терең талдауға құрылған, толымды, мән-мағналы әдеби сыны – Жүсіпбек Аймауытовтың Мағжанның ақындығы туралы әйгілі мақаласынан бастау алады. 1923 жыл. Бастау ғана емес, ақыр соны. Бұдан бергі тұтас бір ықылымда алға басқан жоқ, керісінше, өлшеусіз артқа кетті. Әдебиетке таптық көзқарас, партиялық сыпат деген тәрізді, тұрпайы ұғым нәтижесінде барымыздан айрылып қана қойғамыз жоқ, әлем әдебиетінде бұрын-соңды болмаған сауатсыздыққа ұрындық. Әдеби сын – көркемдік танымның өзіндік өлшемі, барды бағалаушы ғана емес, ендігі жаңа өріске жөн сілтеуші, танымдық және ойшылдық қасиетінен де біржола айрылып, үкімші, нұсқаушы қызметіне жегілді. Әлбетте, балшабектік дүмше көзқарас, қатаң қыспақ және бұлтарыссыз жарлық нәтижесінде.

Коммунистік қоғамның алғашқы кезеңі – 1920 жылдардағы әдеби сынның сұқытын алып қараңыз. Ағымдағы үрдіс қана емес, өткенді бағалау тұрғысында. Абай – қандай да озық идеясыз, байшыл, кертартпа мұра болып шықты. Мағжан – ұлтшыл, яғни, мүлде қажетсіз, анығы – аса зиянды тұлға. Аймауытов пен Әуезовтың бағасы әрі-сәрі, күмәнмен қаралған және көркемдік талдаудан ада. Есесіне, Советстан, Совстан деп өңеші жыртылғанша айқайлаған Сәкен Сейфуллин бар жағынан үлгі саналды. Тіпті, ешқандай көркемдік сыпаттан аулақ, бірақ кедей таптан шыққан Қалмақан Әбдіқадыров көкке көтеріле насихатталды. Бүгінгі көпшілік жұртқа беймәлім жағдаят: жарлы-жақыбай ақынның алғашқы өлеңі жарияланған, яғни, қазақ көркем сөзінде жаңа дәуір басталған мерейлі меже – Қалмақан шығармашылығының 10 жылдығы дейтін мерекелі науқан өткерілді. 1935 жылы. Бұл аса зор әдеби-мәдени һәм саяси оқиғаға «Жаңа әдебиет» (кейінгі «Жұлдыз») журналының бір саны тұтасымен арналыпты.

Сәкен Сейфуллин және басқа да социалистік ұраншылар тұрыпты, сол заманда да абырой, атағы зор Мұхтар Әуезовтің өзі, әлбетте, жоғарының емеуріні бойынша, атаулы мақала берген. Ал «Қазақ әдебиеті» газеті әуелі «Қалмақан тойының қарсаңында» дейтін жарнамамен, бірнеше қайтара атаулы сөз, өлеңдер ұйымдастырып, ақынның той қорытындысына бүтін бір номерін арнаған. Әрине, партиялық нұсқау бойынша. Бірақ бұдан іс мәнісі өзгермесе керек. Шетін емес, қалыпты жағдай.

Әдеби сында таптық көзқарас тұрғысынан, көркемдік атаулыны мансұқ еткен әшкерелеу науқаны одан әрі өрістейді. Ғ.Тоғжанов, М.Қаратаев және, бүгінде аттары ұмытылған тағы қаншама делбегейлер. Яғни, көбіне оңды нұсқаларды мүлде теріске шығарған сыпыра терістеме. Сол екпінмен 1937 жылғы жаппай айыптау заманына жеттік. Жанталас соғыс кезіндегі азғана тынымнан соң, 1950 жылы жаңа бір сорақы серпін басталады. Сол тұстағы әйгілі ақындар Қасым Аманжоловты, Қалижан Бекхожинді сөккен және жалпы жұртқа ноқы көрсеткен қисық, қыңыр мақалалар. Абай туралы эпопеяның алғашқы екі кітабы арқылы шырқап көтерілген, Сталиндік сыйлық алған Мұхтар Әуезовтің өзіне жан-жақты шабуыл басталады. «Түйені жел шайқаса, ешкіні аспанда көр» дегендей, қалған жұрттың жағдай-ахуалы айтпаса да түсінікті. Тек партия мен өкіметтің таңдама ұлы Сәбит Мұқанов қана тынымсыз мадақталып жатты.

Ақыры... 1950-жылдардың соңы, 60-жылдардың басы – бүткіл советтік идеологияда қисынсыз қаралау науқаны біржола тоқырамаса да, саябыр тартты. Кешегі қызыл белсенді сыншылар енді етек-жеңін жинап, идеялықпен қоса, көркемдік танымға да бет бұра бастаған. Алайда, бұзылған сөз, қитар ұғым біржола оңалып кеткен жоқ. Енді жұртшылық ұғымында көркем сын – әдебиет әлемінің теңдей бір жанры емес, қосалқы тармағы ретінде таныла бастаған еді. Әдетте сыншы – өз қолынан ештеңе келмейтін, асып кетсе, жазарман мен оқырман арасындағы дәнекер, партиялық тұрғыны насихаттаушы ретінде ғана бағаланды.

Мұндай кемшін ахуалда әдеби сын тарабына сауаты артық, танымы зор, өзіндік пікірі бар, ойшыл жаңа бір тұлғалар сирек келетін. Келсе де, алғашқы, заманауи тақырып, әдеби үдеріс туралы, шынайы сарап, тәп-тәуір мақалаларынан соң, тек қана мадақ тілеген ақын, жазушылар және партиялық тұрғы – екі тараптан бірдей теперіш көріп, басқа бір жанр – көбіне-көп әдеби зерттеуге ауысады, бірақ тауансыз, тайғақ бітіміне орай, бұл жағын да жарыта бермес еді.

Сөйтіп, біздің буын – жаңа толқын әдебиетке араласа бастаған 1960-жылдарға жеттік. Қазақ әдебиетінің бар тарапта шұғыл серпіліс жасап, жаңа биіктерге ұмтылған классикалық дәуірінің алғашқы кезеңі. Бұл жаңаша түрлену – әдеби сынға да қатысты болса керек еді. Алайда, поэзия мен проза, тіпті, драматургия сияқты, бірден көтеріліп кете алмады. Рас, бұрнағы, тек қана таптық, идеологиялық негізге құрылған, соған орай тұрпайы, ұр да жық сойыл мен шоқпар жетекші сарын емес, керісінше, партиялық тар шеңбер аясында десек те, жақсыны тануға үлкен құлшыныс бар. Бұл кезде Айқын Нұрқатовтың сын және зерттеу еңбектері дара шықты. Дәстүрлі, аға прозашылардан Мұхтар Әуезов жаңаша бағалана бастады. Осы орайда Мұхаңның бұл кезде мүлде ұмытылуға тақаған, кейінгі ұрпаққа беймәлім алғашқы әңгімелері мен хикаяттарының қайыра басылып шығуы – әдеби өмір, руханият саласындағы үлкен серпінге жол ашты. Рас, «Қилы заманға» дейін әлі бірқанша уақыт бар еді. Әйткенмен, «Көксерек» пен өңделген, шын мәнісінде біршама бүлінген «Қараш-Қараштың» өзі кейінгі толқынның өрісін кеңейткен. Бұл ретте әдеби сынның ешқандай ерекше қызметі болмады, керісінше, ол да бұзылған,

әйткенмен, бар қасиетінен айрылмаған «Қаралы сұлу» сияқты өзгеше тұрпатты әңгіме қатаң сөгіске ұшырапты. Соған қарамастан, жалпы жұртшылық мұндай солақай сынды қабылдамаған еді. Сәбит Мұқанов, жаңа бір үздік шығарма жазбаса да, бұрнағы орнында. Және әдеби сын мен әдепкі зерттеулер аса жоғары бағалайды. Бұл заманда Сәбит Мұқановқа жалғас Ғабиден Мұстафиннен соң атаулы төрттікке енген Ғабит Мүсірепов шығармашылығы да соны, өзгеше құбылыс болды. Ең алдымен, әрине, «Оянған өлке». Ескірмейтін қазақ классикасы.

Айта кету керек, кейінгі тізімдегі үш ақсақалға ертелі-кеш мейлінше ықыласты болған әдеби сын 1940-50 жылдар межесінде Мұхтар Әуезовтің бүткіл жазушылық жолын көбіне-көп кертартпа, зиянды тұрғыда қарастырып отырған еді. «Абай жолы», ең мәндісі – келешек жаңа биіктерге тұғыр болуға тиіс Бірінші кітап әуел баста тым теріс бағаланды. Жазушылар одағында 1943 жылғы үлкен талқыда көпшілік пікірі әрі-сәрі шыққан. Әне жерін әйтсе, мына жерін бүйтсе, түзесе, жақсартса... деген тұрғыда. Осы үлкен жиында болашақ ұлы эпопеяның ең алғашқы нақты бағасын айқындаған Ғабит Мүсірепов болды. Манағы қаншама білгір жұрттың бәріне қарама-қайшы сөйлеп, бұл роман – қазақ әдебиетінде бұрын-соңды болмаған ерекше шығарма деп кесіп айтқан еді. Бұдан соңғы заманда, «Абай жолы» тұтастай алғанда жоғары бағаланып жатқанмен, көлденеңнен қаншама мін тағылған. Және бар жағынан биік деңгейде шығуға тиіс эпопеяны біршама бүлдіруі тағы анық. Түптеп келгенде, партиялық идеологияға ғана емес, сол замандағы қазақ әдеби сынының кембағал жағдайына байланысты құбылыс болатын. Бұл кесір арада қаншама заман өткен бүгінгі күні зерделі көзге бірден шалынса керек. Алайда, бүлініп кеткен жағдаяттардың біразын танып, білгенмен, эпопеяның канондық мәтінін қайтара, тұтасымен қалпына келтіру мүмкін емес. Солақай, дүмше сыншылардың артында адамзатқа қарсы советтік идеология тұрды, қайыспау, тыңдамау қиын еді десек де, 20-30-жылдарда өлім мен өмір арасында, 40-50-жылдарда тағы да қатер, қысым жағдайында ғұмыр кешкен қайран Мұхаң ақыр түбі қажі бастаған екен, енді 50-жылдардың соңы, 60-жылдардың басы, жаудың ызбары сынған, бар атаққа жеткен, өзі дәп осы кезде Абай туралы эпопеясында қадап айтқанындай, құзар шың басындағы алып еменге айналған ұлы жазушы біршама босандық танытыпты. Өткендегі әдеби мұра турасында ғана емес, тікелей өзіне қатысты, оның ішінде өлмес, өшпес эпопеяға байланысты қисынсыз түзетулер жасайды. Дәп солай қыл деп нақты тұқыртып отырған партиялық нұсқаудан бұрын тар тұсау солақай сыншылар зорлығы болатын. Қайтып келмес, өкінішті жағдай.

1960-жылдарда үлкен тұрғыдан қарағанда біршама кеңшілік заман туды. Қазақ әдебиетшілерінің қажырлы, қайратты әрі білімдар жаңа бір толқыны қалыптаса бастаған. Игілікті жағдаят ең алдымен елгезек те өтімді жанр поэзияда көрініс тапқан еді. Бұл үлкен құбылысты Ұлы Мұхаң өз көзімен көріп, жұрттың бәрінен бұрын танып және айрықша бағалап, бата беріпті. Келесі толқын жастар турасында «жыл құсы келгендей жаңалық сезінеміз» деп айтып және жазып кеткен еді. Осы орайда, Қадыр

Мырзалиев пен Тұманбай Молдағалиевтің бағы көтерілген. Бұл кезде қатарға тұрмаса да, көп ұзамай кеңінен толғаған басқа да ақындар болып еді. Алайда, Мұханнан соңғы әдеби сын бұлардың нарқын танымады, таныса да тиісінше бағалай алмады. Нәтижесінде Мұқағали Мақатаев қана емес, Сағи Жиенбаев пен Жүсіп Қыдыров, Еркеш Ибраһим қатарлы ақындар мүлде көлеңкеде қалып еді.

Қазақтың жаңа прозасы Мұханның назарына ілінбеді. Әлі басталмаған. Алайда, көп ұзамай, Мұханнан соң он-он екі жыл мұғдарында дүрк көтерілген. Сайын Мұратбеков, Әкім Тарази, Әбіш Кекілбаев... Сәл кейінірек, бұларға жалғас Төлен Әбдіков, Бексұлтан Нұржекеев... дегендей. Біршама танымал топ. Осы тізімнің бір жерінде біз де жүрсек керек. Мұның бәрі көп кейін. Алайда, бұлардың бағасын оқырман жұртшылық айғақтаған. Әдеби сын емес.

Сол 60-жылдарда, жасы үлкен, бұрын бастаса да кешеуілдеп қалған Ілияс Есенберлин шырқап шықты. Әуелі «Айқас», «Қатерлі өткел», содан соң, 1969 жылы «Қаһар»... 70-жылдардың ұзына бойында жазылған тағы әлденеше тарихи және заманалық роман.

Қазақ әдеби сынының терісқақпай ахуалына қараңыз. Терісқақпай, қораш қана емес, көбіне-көп сауатсыз, талғамсыз, ең бастысы – ұлттық санадан тыс, жалтақ жағдайына. Мәселен, кейінде, авторының мансапты, атақты кезінде Мемлекеттік сыйлық алған «Айқас» романы. Ілияс Есенберлиннің өзгеше тұрпатты бұл романы түкке тұрмайтын, сұрықсыз шығарма деп жарияланды. Ал классик жазушы, қаһарман қаламгердің тарихи тақырыптағы романдары коммунист-балшабек өкіметіміздің көңілінде айрықша мазасыздық туғызған еді. Түсінікті жағдай. Бұл қазақ тума тарихын танымай, құлдық санада, өзін бейшара, құнсыз халық ретінде мойындап жүре беруі шарт. Әлбетте, шұғыл шаралар қолданылды. Қазақ тарихына, оның ұлттық қасиеті мен рухани қазынасына қатысты қандай да зерттеу, көркем шығарма атаулы кең өріске шықпауға, елеусіз қалуға тиіс. Елеусіз ғана емес, алдынан талқы құрылып. Және болашақта жазылуға мүмкін жаңа бір шығармалардың өрісін кесіп.

Осы ретте Орталық партия комитеті, ондағы ғұзырлы ұлықтар – Үшінші хатшы Саттар Имашев, Мәдениет, идеология бөлімдерінің басшы қызметкерлері Михаил Есенәлиев, Сапар Байжановтар айрықша белсенділік танытқан еді. Бұларға қатардағы функционер, кейінде үлкен мансапқа жеткен Шерияздан Елеукенов пен Әбілмәжін Жұмабаев қосылды. Енді, әшкерені тиянақтап, жалпы жұртқа жариялау, яғни, тарихи романды ғана емес, тарих атаулыны теріске шығару науқанына әдебиет сыншылары тартылған еді. Сөйтіп, жоғарыға жағып, бағы көтерілген, шын мәнісінде бар абыройдан айрылып, бақытсыздыққа ұшыраған тұтас бір қауымның басы – Зейнолла Серікқалиев болды.

3.Серікқалиев ілкі заманда проза сыншысы ретінде танылған. Әйтсе де, бар жазуы Х.Есенжанов пен Ә.Нұрпейісов төңірегінен ұзай алмаған. Бұл да жөн екен дейік. Енді, арғы тарихтан дүмбілез шіркінді тайталас, күмәнді шаруаға жегіпті. Ілияс Есенберлинді біржола мансұқ қылу керек. Яғни, төл тарихына шөлікпеулі бүткіл қазақ қауымы құныға оқып,

айрықша бағалап жатқан тарихи романдарын. Бір оқпен екі піл – тым көтеріліп бара жатқан жазушыны тоқтату және өткендегі қазақ тарихына тыйым салу. Сөйтіп, партиялық «Социалистік Қазақстан» газетінің бетінде, ақыр соңы оқырмандар ереуіліне ұласқан жанжалды мақала басылған еді... Қайткенде, жоғарыдан бағытталған, әлдебір жалбағай әдебиетшілер одан әрі көтеріп әкеткен, ерікті, еріксіз, бірақ табиғи науқан екен дейік.

Алайда, өкімет пен партия тікелей араласпаған, бірақ сол замандағы рухани және идеологиялық теріс ағым ауқымындағы топастық пен дүмшелік, сауатсыздықтан туындаған көлеңкелі жағдаяттар да жетіп артылатын. Яғни, көркемдік танымның шалағай ахуалынан.

Жалпы, 1970-1980 жылдар, қазақ әдебиетінің кең өріске шығып, мейлінше жетілген кезеңіндегі әдеби сын ғана емес, жалпы әдеби қауымның ұғым, танымында таңқаларлық жағдай қалыптанып еді. Мәселен, бір жақсы роман жазылған екен дейік. Жұртшылық жаппай жығылып оқып жатыр. Яғни, көпшілікке мейлінше ұнаған. Аса жоғары бағаланған. Бұл – танымның ешбір есепте жоқ, ең төменгі деңгейі екен. Үшінші дәрежелі, дейік. Бұдан әлдеқайда жоғары, Екінші дәреже – жалпы әдеби, жазарман қауымның бағасы. Әлгі, шын мәнісіндегі жақсы, бәлкім, классикалық шығарма қалыпты әдеби, ортада тіпті басқаша қабылдануы мүмкін. Мүмкін емес, анық. Орташа ғана дүние. Немесе, ортадан да төмен бірдеңе. Сорақы, сөлекет. Жазушылар одағы төңірегіндегі ауызекі әңгіме, бейресми бекім осындай. Енді, ең жоғарғы, Бірінші дәреже. Бұл – осы шығарманың баспасөз бетіндегі бағамы. Негізінен, Екінші сораптың деңгейіндегі үкім. Яғни, әдеби қауым толғамы. Мына ғажайыпқа қараңыз. Жалпы жұрттың көңілінен шыққан, шын мәнісінде елеулі, құнды шығарма енді мүлде теріс бағаланды. Түкке тұрмайды. Сауатсыз. Тіпті, ұят жағдай. Масқара. Сөйтіп, аталмыс шығарма ғана емес, оның авторы да құнсыз, дарынсыз дейтін атаққа таңылады. Ал енді құтылып көр, осыншама жаманаттан. Үстін-үстін жаңа бір жақсы шығармалар жазылуы керек. Бұлардың да жолы болып жатқаны шамалы. Маңдайына теріс таңба басылған мұндай қаламгер біржола оңалуы үшін, немесе сұрқай, бірақ мақтаулы көпшіліктің қатарына қосылуы үшін көп заман, ең бастысы – қайыспас мінез керек.

Алайда, дарынды адамның бәрі бірдей табанды, қатқыл бола бермейді. Сонда... иі жұмсақ, сенімі тым берік емес басқа бір талапкер... біреу, екеу емес, бес, он, жиырма қаламгер, осыншама топас, надан, дөкір қысымнан айрықша жапа шегуі күмәнсіз. Қалам ұстаған дарын атаулы мақсатты биігіне жетпейді. Әрқилы жағдаят. Сонымен қатар, үлкен әдебиетті ірілермен қатар, жақсы, тәуір ақын, жазушылар қоса қалыптамақ. Тіпті, әдеби ахуал тұрғысында, орташа, бірақ адал жазармандар қызметі де ерекше. Жақсыға сүйеніш, жалпыға ортақ игілік. Бәйгеге шыққан жүз қыл құйрықтың бәрі бірдей тұлпар болмайтыны сияқты, әдебиет майданындағы көпшілік қауым қашанда үлкен дүрмектің бағыт-бағдары мен жалпы деңгейін айқындамақ. Осы орайда, бізде қалыптасқан сауатсыз сын жалпы әдеби үдеріс, даму бағдарымызға өлшеусіз зиян келтіруі анық.

Айттық, советтік идеялық тазалық жөнінен ғана емес, әдепкі көркемдік қағидалары тұрғысынан алғанда.

Тоталитарлық қыспақ заманында тіршіліктің барлық саласы, оның ішінде рухани өмір ерекше бақылау астында болды десек, көркем әдебиеттің басқа жанрларымен шендестіре қарағанда, айтары ашық әдеби сынды басқару оңайға шыққан екен. Бұл жағдай еркін сөздің өрісін одан әрмен тарылта түсіпті.

1991 жыл. Советтік, кердең қызыл империя тырапай асып құлады. Баспасөз полициясы цензура жойылды. Міне, алақай! Толық бостандық. Енді басқа жанрлармен қатар, әдеби сынға да еркіндік келсе керек қой. Бірақ керісінше шықты. Бұрнағы барынан түгел айрылған, кітап шығару тоқталып, қаламақы ертегіге айналған, бар тарапта таршылық жағдайға түскен жазарман қауым енді өзінің «ар-намысын» бірінші орынға қойыпты. Яғни, өткендегі, немесе қазіргі әлденендей шығармасы туралы қандай да қиғаш пікір қабылданбайды. Тек қана мақтаңыз. Мақталып та жатты. Бірақ қаншама мақтамақ. Қашанғы өтірік айтсын. Ал шындық – яғни бар мен жоқты таразыға салған пікір атаулы мүлде тоқталды. Сөйтіп небәрі төрт-бес жылда әдеби сын аталатын жанр жоққа айналған еді.

Бұл кезде мен «Жұлдыз» журналында отырғам. Байырғы бір саланың қараптан-қарап аштан өлуіне жол беруге болмайтын. Журналдың әрбір санында бірді-екілі мақала басылып тұрды. Қадарынша, бүгінгі әдеби шеруді таразылау тұрғысында. Әлбетте, ақылға сыйымды мадақ қана емес, әрқилы тұрғыдағы талдау, және, мінеу де бар. Оң болар, теріс болар, табиғи жағдай. Ал кеттік – мүлгіп, қалғып жатқан, Қазақстанды жау шапса да кірәжімес әдеби қауым жаппай дүрлікті дейсің. Кім туралы десек те, әлденендей көлеңкелі талдау тек қана жаулық, қастандық саналады екен. Жекелеген пікір, қарсы мақалалар жазылып жатса, табиғи жағдаят деп қабылдар едік. Көп ұзамай, мұндай қисынсыз, ашық дамайдың өзіне зәру болып қалыппыз. Енді жай ғана, жазба һәм жабық күңкілге қоса, жылбысқы, жасырын ғарыздар, топтық шағымдар кезекке шықты. Осы, жаппай дабыраға қозғау салған топырдың ең айқын мысалы – журнал бетіндегі, бүгінгі қазақ поэзиясының жай-күйі турасындағы көлемді мақала болып еді. Рас, кейбір танымал ақынға қатысты әрқилы мін айтылған, бірақ бұл – ақырғы ақиқат емес, пікір алысу түрінде берілген және көпшілік жұртты осы тарапта үн қосуға шақырған, редакциялық дәйектеме бар. Қандай да сынға, әрқилы толғамға жол ашық, дегенбіз. Шынында да жол ашылыпты. Наразылық білдірген, біреу-екеу емес, бес-алты, жинақтап келгенде, ертелі-кеш қатарға қосылған, кемі он-он бес ақын, Одақ төрағасы Нұрлан Оразалинге шағым айта барыпты. Бұларға Ұлықбек Есдәулетов басқарып отырған «Қазақ әдебиеті» қосыла кетті. Бұл деген жөн емес, мұндай болмайды, деп. Біздің ұғымда Одақ құрамындағы ең негізгі екі басылым өзара тайталасуға тиіс емес. Және, айтқанымыздай, атаулы мақала соңында арнайы ескерткенбіз, бұл – әдепкі талқы, енді әр тарап, тіпті, қарама-қарсы мақала атаулыға орын береміз, сол қалпында бастырып шығарамыз, деп. Әлгі арызқойлардың біздегі, қатаң болса да, негізінен орынды айтылған сынға тиесілі жауап қайтарар шамасы жоқ,

әйтеуір аттан мен ойбай. Енді, жабыла арызданғаннан ештеңе өнбейді, одан да қисынды уәж айтыңдар, мақсат – бүгінгі қазақ поэзиясының жай-күйін талқылау болатын деген шағын анықтамамен екінші мақала жарыққа шықты. Ызалы, наразы, жай ғана наразы емес, әдебиет орнында, ел аманда мейлінше ашынған манағы бір топ ақын тырс етіп үн шығарған жоқ, ашық пікірталасқа бармады, оның есесіне күбір мен сыбыр, Жазушылар одағы мен әдеби газетке қайыра шағынған дүрмек одан әрі жалғасты. Енді жаңа бір сарындар. Бұл Мұхтар Мағауин қазіргі қазақ әдебиетінде жалғыз өзі қалу үшін, ақ-адал жұртымызды түгел терістеп, бәріміздің қадірімізді кетіріп... сөйтіп сойқан салып жатыр... Мұншама ұйымшылдыққа қайран қалған едік. Қазірде қаламгер атаулының басына қиын жағдай туған. Кітаптары шықпай жатыр. Қаламақы қақы елеске айналған. Табыскер балалары асырап отырған бірлі-жарымы болмаса, түгелдей кедей-кепшік жағдайда. Ең ірілерінің өзінің өкімет пен партия алдында бір мысқал салмағы жоқ, үлкен-кішісі түгелдей абырой, құрметтен ада. Енді дәп осылай, түбімен көтеріліп, ашу-ызасын алға тартып, өздері тынымсыз мақтап жатқан Көсемдерінің алдына бармай ма. Оған қарымы жетпесе, берідегі Өкіметіне шағынып, тым құрса күнделікті сорпа-суын жоқтамай ма. Жамырай жазып, жаппай шағым айтпай ма. Жоқ. Анадан жасқанып, мынаған батпай тұр. Ешқандай дауасыз жұрт екен. Ендеше, өлмесе өме қапсын. Жатсын осылай, бұратылып, жоғарыға қор, төменге мазақ болып. Сынамаймыз да, түземейміз де. Ұлт руханияты тарабында бүгінгі шалағай ақын, жазушылардың жөн-жосығынан гөрі маңыздырақ шаруаларымыз да жеткілікті... Сөйтіп, журнал бетінде терісқақпай сын атаулыға тоқтау салдық. Ақыры, тым көп ұзамай, өзіміз де сыртқа кеттік.

Одан беріде он сегіз жыл. Қазақ әдеби сыны өрлепті, өсіпті, дейтін хабар естімедік. Естіп қажеті де жоқ. Интернет арқылы бәрін де көріп, біліп отырмыз. Қазақтағы әдеби сын, жанр ретінде біржола марқұм болыпты. Рас, әдеби газет, жекелеген сайттар бетінде сыни мақалалар бой көрсетіп тұрады. Бірлі-жарымы демесек, көбінің кәсіби сауаты тым төмен. Тағы да таным мен талғам кілтипаны.

Осы орайда, біздің жаңа дәуірдегі үлкен әдебиетімізге қатысты ерекше бір жағдаят. Бұрнада айтқанбыз, енді қайталап жатсақ та айыбы жоқ. Бекежан Тілегенов деген құбатөбел қаламгер болды. Орталық партия комитетінде қатардағы бір қызмет атқарыпты, «Жұлдыз» журналын он екі жыл басқарыпты. Жазушылар одағының мүшесі, бірнеше проза кітабын шығарған. Бірақ бәрі де сұрқай деп саналған. Бекежан Тілегенов үлкен жазушылардың тізіміне енбеген. Тіпті, орташалар есебінде жоқ. Ал әдеби журналдың бас редакторы ретінде... мейлінше тартыншақ. Жай ғана тартыншақ емес, әсіре, анығы – кертартпа, қорқақ еді. Мәселен, менің сүйіспеншілік, махаббат тұрғысындағы хикаятымның «Өмір жыры» деген атауына қарсы болды. Өмір жыры – тек қана советтік жыр болуға тиіс сияқты. Ақыры, екінші бөлімнің тақырыбымен орын алмастырып, «Мәңгілік күй» дейтін атаумен жіберді. Тек бұл ғана емес. Қазіргі қазақ прозасы туралы мақаламдағы бірталай, төтенше, соны пікірлер қысқартылып қалыпты. Журнал нұсқасы шықаннан соң алдына барып,

мәнісін сұрағанда, мұндай сыни толғам – үлкен жазушылардың ғана еншісі болуға тиіс дегендей уәжін алдыға тартты. Бұл 1977 жыл. Мен әдеби ортада, ресми түрде мойындалмасам да, сол кездің өзінде өте үлкен жазушымын. «Қобыз сарыны» мен «Алдаспанды» айтпағанда, бұл кезде «Тазының өлімі» повесі, «Көк мұнар» романы, «Архив хикаясы» және басқа да классикалық әңгімелер жазылған. Бекежан сол бір тұстағы әдеби сында өктемдік құрған Т.Тоқбергенов, С.Әшімбаевтардың бағамынан асып кете алмай тұр. «Мен кім болсам да, саясаттан тыс, шынайы, ақиқат пікірге жол бере алмасам, бұл жерде несіне қауқиып отырсың», – дедім. Әжептәуір ренжістік. Алайда, иі жұмсақ, кешірімшіл кісі екен. Менің ауыр сөздерімді кек тұтпапты. Бұдан соңғы заманда журналға «Көкбалақ», «Шақан-шері» романдары басылып шықты. Түсіністі, жақын досым, жауапты хатшы Ахат Жақсыбаевтың риясыз демеушілігі арқасында. Бекежанның төтенше бөгесіні болмады. Соған да рақмет. Бұл, мен үшін айрықша мәнді екі романға жол ашса да, Бекежан Тілегеновтың көзқарасы тұрғысында мен әлі де орташа жазармандар қатарынан ұзамасам керек. Ақыры, біздің әуелгі қайшыласымыздан соң тура он төрт жыл өткенде... манағы Бекежан енді мен отырған «Жұлдыз» журналына жаңа бір роман ұсынады. «Қара жел» деген. Қазақтың елі мен жеріне ғаламат апат әкелген Семей полигоны турасында. Қайтті екен деп, сол күні роман қолжазбасын үйге алып кеттім. Ертеңіне шұғылынан кезекті номерге терімге жіберген едім. Ол заманда компьютер жоқ. Арада ай өткенде алғашқы корректурасы келді. Біздің Ахат қолма-қол бұрнағы бастығына телефон шалады ғой. Беке, романыңыздың баспахана терімі келді, тезінен оқып беріңіз, деген. Қашан, қандай жауап болады деп күпті жүрген Бекежан ағам шалқасынан түсе жаздапты... Екі жыл өтпей, келесі романы – «1986 жыл» тағы да тезінен журналда басылып шықты. Көп ұзамай, арнайы жазылған көлемді мақаламда мен бұл екі романды да қазақ әдебиетіндегі ерекше құбылыс деп бағалаған едім. Әуелі «Қара жел». Егер қазақ – үлкен халық болса, қазақ әдебиеті бар жағынан дамыған әдебиет болса, апатты полигон тақырыбы дәп осылай жазылуға тиіс еді, бұл, халқымыз үшін аса қажетті парызды Бекежан Тілегенов абыроймен атқарып шықты, деп жазғам. Классикалық шығарма деп, тұпа-тура айттым. Және Қазақстанды билеуші партноменклатураның барлық былығын ақтарған, туған халқының алдындағы қылмысын әшкерелеп, терең суреттеген, «1986 жыл» атты шыншыл романды тағы да классика деп бағаладым. Бүгінгі қазақ қаламгерлерінің ешқайсы бара алмаған, жаза алмаған, ұлт үшін аса қажетті, күрделі тақырыпты аса жоғары деңгейде таңбалап шықты, деп нақтылап айттым.

Міне керемет, бүгінгі қазақ – жазушы романисі бар, сыншы, зерттеушісі бар, – ешқайсы менің сөзімді есепке алмады. Шындығы – менің сөзім емес, Бекежан Тілегенов романдарының өзгеше тұрпаты мен сыпатын. XX ғасырдағы қазақ көркем сөзінің, ұлттық идеяның озық үлгісі екендігін. Тіпті, менің жоғары бағама қайран қалып, сөлекет, ұшқары пікір санағандар, жерлесі, досы болған соң, көңіл үшін жазды, дегендер де бар. Ұлттық санасы олқы, талғам, танымы кеміс, әдебиет дейтін өлкенің сын-

сыпатынан мүлде бейхабар дүмшелік еді. Жекелеген кісілер ғана емес, жалпы жұрт тосырқап, бейсауат, жауапсыз айта салған сөз деп білді. Оның бәрі ештеңе емес, арада жиырма жыл өткенде, біздің көз алдымызда өскен, бар жағынан азды-көпті шарапатымызды көрген Амангелді Кеңшілік баласы, тікелей тележазба түсірілген әлдебір әдеби жиында: «Мұхтар Мағауин Бекежан Тілегеновті жазушы деп айтты», – деп күлгені бар. Мен жай ғана жазушы дегем жоқ, классик жазушы дедім. Және мені қабылдамауға болар, қандай да сөзіме дау айтуға болар, бірақ мен кім үшін болса да, мазақ қылып күлетін кісі емеспін. Әсіресе, руханият майданында. Бұл жағдаят – бүгінгі әдеби сынының қораш, мүсәпір жағдайын ғана емес, әдебиет сыншысы атағымен жүрген әлдекімдердің төменгі интеллектімен қатар, адамдық мәдениетін де айғақтаса керек.

Осы тақау күндерде баспасөз бетінде Бекежан Тілегеновтің тоқсан жылдығы назарға ілінді. Сонда жақын бір туысы Бекең көзінің тірі кезінде қазақ жазушылары тарабынан аса жоғары бағаланып еді дейді. Бұрнағы қайда, күні бүгінде ешқандай бағасын танымадық. Осы Бекежанды арыда да, беріде де, жай ғана бағаламай, аспанға көтере мадақтаған жалғыз адам – мына біз болатынбыз. Үніміз ғана емес, шаңымыз да шықты, бірақ жан адам естіген де, көрген де жоқ. Бекежан күні бүгінде сол баяғыша, өткен заманда елеусіз ғұмыр кешкен, мардымды ештеңе бітірмеген, орташа емес, анау парықсыз күлкіге қарағанда, ортадан да төмен жазармандар қатарында қалып қойды. Алайда, әдеби сана бір орында тұрмайды, ақыр түбінде Бекежан Тілегенов әдебиет төріндегі үлкен бағасын алуы күмәнсіз.

Сөз басына қайтып оралсақ, мен Бекежанның қолыма жеткен және, күтпеген жағдайда, қайран қалдырған «Қара жел» романынан соң, өткендегі басқа шығармаларын да түгелімен, мұқият оқып шыққан едім. Кезінде танылмай қалған бірді-екілі, жақсы әңгімелері бар екен. Және әлдебір хикаяты. Ал көлем жағынан ең елеулі шығармасы «Уақыт» романы – әлде дилогияның, әлде трилогияның алғашқы кітабы... қайран қалдырды. Жоғары сапа, немесе тым төмен деңгейімен емес. Аралас қойыртпағымен. Өте жақсы басталған. Жергілікті қазақ пен келгінші орыс іргелес отырған аймақ, ежелгі ата қоныстағы күрделі жағдай. Өктем ұлттың зорлық-зомбылығы, орталық тәртіп зардаптары, тым ашық суреттелмесе де, айқын танылады. Бұдан соңғы төңкеріс жылдарының шынайы елесі де бар. Одан әрі – қазақ ауылын советтендіру... Жалпы жағдай емес, әлдебір қызыл белсенді әйелдің өзгеше тұрпаты... Осымен бітті. Бұдан арыға аттап баспаған. Ол кезде жарияға өтпес еді. Өтпегені тұрыпты, жазушыға пәле болып жабысуы әбден мүмкін. Ендеше, әуел бастан-ақ бұл тақырыпқа бармау керек еді. Мұндай жағдайда, 1931-1933 жылдардағы ашаршылық, осыдан соңғы жаппай репрессия қалай жазылмақ. Сыңайына қарағанда, Бекең осының бәрінен аттап өтіп, Әлемдік соғыс кезеңіндегі қазақ ауылына бірден түспек сияқты. Рас, кейінде бұл тақырып та қамтылды. «Алыста қырғын соғыс бар» дейтін көлемді хикаят арқылы. Шын мәнісінде, манағы, «Уақыт» атты үлкен романның Екінші кітабының бір бөлімі. Бірақ бұл шығарма тәуелсіздік заманда жазылған еді. Ал бұған дейін... обал-ақ. Айтқанымыздай, «Уақыт» романының шын мәнісінде жоғары көркем

беттерін жалған, жалтаққа құрылған тараулар басып кетіпті. Негізгі себеп – қаламгер 30-40-жылдар шындығын толық түсінген, соған орай тәуекелмен жаза бастаған, алайда... өкімет пен партия бар, ресми және бейресми цензура бар, одан өте қалса, терісазу, топас сыншылар тағы тұр, осының бәрінен аттап кетуге батылы жетпеген, немесе, басқадай көркемдік тәсілдермен, сыздықтап болса да өткізуге толыспай жатыр. Алайда, өз кезінде оқысам, Бекежан Тілегенов дейтін жазушының жақсы сыпаттарын кәміл танып, бәлкім, дос-жар болсақ, жанашыр ақылымды айтар едім.

Өкінішті жағдай, егер Бекежан жүрек дертінен оқыс үзілмей, тағы біраз жасаса, сөз жоқ, зәру, жаңа бір шығармаларынан соң «Уақыт» та өңделіп, қысқартылып, толығып, жарым-жартылай жаңадан жазылар еді. Және бастапқы озық беттері кейінгі биігіне астасып, қазақ прозасындағы аса бір елеулі романға айналуы анық. Әйтсе де, осы бар қалпының өзінде, кешіріп, түсініп, ежіктей, мұқият оқуға татиды дер едім.

Шын мәнісінде «Қара жел» де, «1986 жыл» да дүниеге кездейсоқ келген туындылар емес, бұдан бұрнада онды, солды талай өткелектен өткен, енді кемеліне жеткен шебердің шынайы жетістігі. Бұл жетістік, анығын айтқанда, үлкен табыстың қайнар көзі қаламгердің осы уақытқа дейін толық көрініс таба алмаған дарыны мен алымында ғана емес, тыйым, қыспақ атаулы жойылған, сөз жүзінде десек те, тәуелсіздік әкелген жаңа заман нәтижесі болатын. Осы орайда, өткен советтік дәуірде біздің қаншама әйдік ақын, жазушымыз өзінің мүмкіндік шегі – ойлаған мақсаты, еншілі биігіне жете алмай кетті-ау деп толғанасың. Жол ортадан қиылған, арманда өткен Мағжан мен Жүсіпбекті айтпағанда, қапасақ түспей, өз үйі, өлең төсегінде дүниеден көшкен Қасым Аманжолов пен ұзақ жасап, қазақтағы ең үлкен әдеби сыйлық және биік мәртебеге жеткен, сырттай қарағанда армансыз көрінетін Қалижан Бекхожиннің өзі барын одан әрмен жетілдіріп, тағы қаншама биіктерге ұмтылар еді.

Сонымен, бүгінгі қазақ әдеби сынының деңгейі – жаңағы, біз турасындағы парықсыз күлкімен өлшенсе керек. Отызға жаңа толған жас кезімізде «Көк мұнар» сияқты көкжасық, түкке тұрмайтын роман жазды дейтін мазаққа таңылып едік, бар атақты алып, жиырма бес томдық жинағымызды шығарып, сексенге жеткен шағымызда қазақ әдебиетінің ХХ ғасырда дүниеге келген соңғы бір ұлы шығармасын тиісінше бағалаған сөзіміз үшін күлкіге ұшыраппыз.

Қазір ешкімге құпия емес – қазақ әдебиетіндегі көркем сын дейтін жанр мүлде жоққа айналған. Соңғы ширек ғасыр бойында, ауыр сырқатқа ұшырап, шәйіт те емес, өзін өзі жеп бітіріп, масқара өлімге ұшырапты...

Жоқ. Біз басқа бір қиын таптық. Әдеби сын өлмепті. Керісінше, бұрын болмаған дәрежеде өсіп, өркендеп жатыр. Қалайша? Иә, дәп солай. Дамып, бар жағынан ілгері басып. Алайда, бүгінгі жалпы жұрт тұрыпты, сол әдеби қауымның өзінің назарына шалынбай отыр. Өйткені, астыртын жағдайға көшкен. Ағымдағы әдеби басылымдар құп көрмеген соң, амалсыздан, тіршіліктің басқа бір тамыр, түйінін тапқан. Мүлде құпия емес, әйткенмен, көпшіліктің назары түсе бермейтін, жабыққа жалғас, өзгеше ғұмыр бастауы.

Жұмбақтамай, турасын айтсақ, Қазақ елінде әйдік екі мегаполиспен қатар, үлкен обылыс орталықтары бар. Бұл, өз дәрежесінде ұлттың мәдени, рухани ұйытқысы болып отырған шаһар атаулыда, ұзын саны жиырма шақты, әрқилы жоғарғы мектеп және бірнеше ғылыми зерттеу бөлімдері мен әдебиет кафедралары бар. Және бұлардың қай-қайсы да өз дәрежесінде ғылыми филологиялық таным жинақтарын жүйелі түрде бастырып отыруды әдетке айналдырған. Есебі, жыл сайын болмаса да, екі-үш жыл орайында он-он бес филологиялық зерттеу кітаптары шығады деген сөз. Ескі мен жаңаны тынымсыз ақтарғыш әдетімнің арқасында мен осы, шектеулі ғана таралыммен шығып жатқан ғылыми басылымдарды қадарынша қадағалап отырам. Бұл, көбінесе ескілікті зерттеу еңбектерге құрылған топтамаларда бүгінгі қазақ әдебиеті, оның бары мен болашағы туралы татымды мақалалар көптеп жарияланады. Бәрі-бәрі интернет бетінде жамырап тұр. Авторлар құрамы профессор мен оқытушылардан аспиранттар мен ізденушілерге дейінгі аралықта.

Осы, ағымдағы әдеби сын тұрғысымен жазылған, шын мәнісінде әрқилы деңгейдегі, көбіне-көп көлемдері шектеулі мақалалар қазіргі қазақ прозасы мен поэзиясы туралы біршама дәйекті сыпат танытады. Осы орайда, Қарағанды университеті бірінші орында дер едім. Әдеби таным өте жоғары деңгейде. Қыздар университеті, Абай университеті мен Ұлттық университеттің атаулы жинақтарында жарияланып жатқан еңбектер де түгелдей сауатты, ғылыми орнықты және әділ, шынайы. Мұның барлығы – орталық әдеби басылымдар жатырқайтын, шындығында байыбына жете алмай жатқан жағдаяттар. Ақиқат әдеби сын дегеніңіз – осы. Тек аталмыс әйдік оқу орындары ғана емес. Қазақстан шегіндегі барлық жоғарғы мектеп – осындай биік өреге ұмтылып отырғанын көреміз. Тіпті, орыс басып жатыр дейтін Петропавл, Павлодар университеттерінің ғылыми жазбалары да елеулі биікке жеткен. Тек... менің өзімнің Семейім туралы ғана бұлай айта алмас едім. Жалғыз-ақ мысал: әлдебір кандидаттық еңбекте менің «Коммунистік реализм» атты әңгімемді де талдамақ екен. Мұхтар Мағауин бұл шығармасында 60-жылдардағы қазақ жастарының коммунизм орнайды деп қалай аңсағанын сыпаттайды, депті. О, керемет!.. Мына біз Совет өкіметі құлағаннан кейін де баяғы коммунизмді жоқтап жатыр екенбіз! Бұл, әрине, ерекше бір ғана мысал делік. Сонда да.

Атап айтқанымыздай – бұл ғылыми жинақтар авторларының құрамы оқытушы, профессор есімдерімен ғана шектелмейді. Аспиранттар мен ізденуші, енді ғана диссертация қорғаған жас ғалымдар да көптеп берілген. Әрқилы сыпат, тұтастай алғанда зерделі, тіпті, терең талдауларға құрылған еңбектер. Яғни, қазақтағы әдебиеттану ғылымы, оның ішінде ағымдағы әдеби сынның да өрісі кесілген жоқ, қадарынша дамып жатыр һәм болашағы да зор, деген сөз.

Тек қана... осы сапалы, шынайы әдеби сын – таралымы шектеулі, тіпті, бір мың, жарым мың да емес, небәрі бірер жүзден аспайтын ғылыми жинақтар құрамында қамалып қалған. Интернеттің арқасында ғана жан сақтап, жарияға жол тартып отыр.

Ал осы, жаңа дәуірдегі жаңа әдеби сынның жалпы оқырман игілігіне айналуы үшін енді нешеме жыл керек екен? Рас, интернеттің қарымы ұзын. Бірақ мен сияқты әуесқойлар және ғылым іздеген талапкер мен оқымыстыдан басқа кім біліп жатыр. Қайткенде жалпы жұртшылық, тіпті, әдеби қауым назарынан тысқары. Яғни, бүгінгі руханиятқа әсері там-тұм ғана. Алдағы заманда бұлай қала беруге тиіс емес. Біз айтқан астыртынға тақау әдеби сын толықтай жарияға шығуы шарт.

Сонымен, бұрнада сал болып, сіресіп жатқан дімкәс әдеби сын біржола марқұм емес екен. Керек десеңіз, әжептәуір дамып, жаңа бір биікке жеткен. Қайталап айтайық, мұның бәрі бүгінгі әдеби ортадан тыс, жалпақ оқырман қауымға мағлұмсыз жағдаят. Ал әдебиет – жабық, жасырын құбылыс емес. XX ғасырда жер әлемге танылмаса да, классикалық биік өреге жеткен қазақ прозасы мен поэзиясының қанаттас бір тармағы әдеби сын да өз ортамыздағы әділ сарапшы міндетін атқарып, өркендеп, дамып, ашық жарияға ұмтылуға тиіс. Қазақ руханиятының төрт құбыласы теңдей болуы үшін қажетті алғышарттардың бірі – осы.

Кемер, Түркия,
18-23.ІІІ.2024.